**Мәртөк ауданы Құмсай ауылы«Құмсай бастауыш мектебі» КММ**
**2023-2024 оқу жылына арналған 4«А» сыныптың тәрбие жоспары бойынша жылдық талдау есебі**

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатында Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

**Тәрбие мақсаты**:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

Ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

Жақсылыққа, игілікке бой түзеп, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу, еңбекқорлыққа баулу.

**Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:**

01.09.2023 жылы «Мейірім мекеніне айналған мектебім» атты алғашқы қоңырау, білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдық» сынып сағаттары өткізілді.«Табиғатты қорғайық», «Республикам менің», «Дені саудың жаны сау», «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ», «Оқушы мәдениеті дегеніміз не?», «Ана – өмірдің гүлі», «Наурыз – жыл басы», «Зиянды әдеттен аулақ бол!» тәрізді тақырыптарда сынып сағаттары мен іс-шаралар өткізілді.

**Нәтиже:**

Оқушылардың бойында жүргізілген әрбір тәрбие сағаты мен іс-шаралар арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада өзін қалай ұстау керектігі туралы түсініктері қалыптасты. Оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқауға болады.

Сынып жетекші Жалгасбаева Акмонар Жайлыбаевна